

## ИСЛАМДАҒЫ БІЛІМ ЖӘНЕ «КИЕЛІЛЕР» КУЛЬТІ

<sup>1</sup>Г.А. Камишева, <sup>1</sup>Г.С. Оралова, <sup>1</sup>А.Т. Төлебаева, <sup>2</sup>Н. Йылдыз

### АҢДАТПА

Мұсылман өркениетінің қалыптасуы араб халифатының пайда болуымен, дамуымен тікелей байланысты. VII ғасырда жаңадан пайда болған монотеистік дін Ислам солтүстіктегі Орта Повольжеден оңтүстіктегі Мадагаскарға, батыстағы Африканың Атлант жағалауынан шығыстағы Азияның Тынық Мұхит жағалауына дейін таралды. Эллиндік Жер орта теңізін үнді-иран әлемімен біріктірген Александр Македонский дәуірінен кейін араб халифаты бес ғасырдан астам уақыт бойы әлемдік өркениеттің материалдық және ғылыми-философиялық орталығы болды. 1258 жылғы монғол шапқыншылығынан кейін Бағдадтың құлауы мен Аббасидтер халифатының жойылуы ислам өркениетінің құлдырауына әкелді. Кезіндегі ортақ мәдени кеңістік араб, иран, түрік және т.б. аралдарға бөлінді. Дегенмен де Ислам дінінің бейбітсүйгіштік, ынтымақтастық сияқты идеалдары оның үмметтерінің саяси, этникалық және мәдени сепаратизміне қарамастан, олардың рухани бірлігін қалыптастырды. Автор ислам дінінің оған дейін қалыптасқан діни жүйелері болған аумақтарға тарағанын айтады. Сондықтан ұзақ уақыт бойы Ислам бұл аймақтарда үстемдік ететін дін болған жоқ, сондықтан халықтардың рухани болмысына «кірігуге» мәжбүр болды. Сол себепті кейбір аймақтарда таза діни ғибадаттармен қатар Исламға дейінгі наным-сенімнің канондары бойынша әулие-әмбиелерді, олардың мазарларын киелі санаудың қатар келетініне тоқталады. Сонымен қатар, мұсылмандардың діни санасындағы мұндай компоненттердің орны мен рөлі барлық өңірде бірдей болған жоқ. Мақалада мұсылман өркениеті классикалық кезеңінің базистік аспектілеріне қатысты Ислам құндылықтары мен институттары реформаторлық-модернистік тұрғыдан анықталып, талданады. Сонымен қатар постклассикалық исламдағы киелілер культі мен киелі орындарға деген қарым-қатынас мәселесі қарастырылады.

**Түйін сөздер:** ислам, құрани интеллектуализм, білімнің культі, ғылым, өркениет, жаһандану, әулие-әмбие, мазар.

<sup>1</sup>Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

<sup>2</sup>Қажы Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия

Автор-корреспондент:  
А.Т. Төлебаева, aidyn42@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:  
Камишева Г.А.,  
Оралова Г.С.,  
Төлебаева А.Т.,  
Йылдыз Н. Исламдағы білім және «киелілер» культі // Адам әлемі. – 2024. – № 1 (99). – Б. 151-160.

### Культ образования и «святых» в исламе

**Аннотация.** Формирование мусульманской цивилизации непосредственно связано с возникновением и развитием арабского халифата. Зародившаяся в VII веке монотеистическая религия ислам распространилась от Среднего Поволжья на севере до Мадагаскара на юге, от Атлантического побережья Африки на западе до тихоокеанского побережья Азии на востоке. После эпохи Александра Македонского, объединившей эллинические земли и Средиземное море с индо-иранским миром, арабский халифат на протяжении более пяти веков был материальным и научно-философским центром мировой цивилизации. Монгольское вторжение 1258 года привело к падению Багдада и разрушению Аббасидского халифата, а затем и к краху исламской цивилизации. Существовавшее на то время общее культурное

пространство было разделено на арабский, иранский, турецкий и др. ареалы. Однако такие идеалы ислама, как миролюбие, солидарность, несмотря на политический, этнический и культурный сепаратизм, сформировали их духовное единство.

Автор отмечает, что ислам распространился на территориях, где ранее существовали религиозные системы, сформировавшиеся до него. Поэтому на протяжении длительного времени ислам не был доминирующей религией в этих регионах и был вынужден «интегрироваться» в духовную природу народов, населявших эти земли. По этой причине в некоторых регионах наряду с чисто религиозными культурами, согласно канонам доисламских верований, святынями считаются могилы, мазары святых.

Однако, место и роль таких компонентов не было одинаковым в религиозном сознании мусульман разных регионов.

В статье с реформаторско-модернистской точки зрения определяются и анализируются ценности ислама и институты, относящиеся к базисным аспектам классического периода мусульманской цивилизации. Также рассматривается проблема культа святых и отношения к святым местам в постклассическом исламе.

**Ключевые слова:** ислам, интеллектуализм Корана, культ образования, наука, цивилизация, глобализация, святыне, мазар (могилы)

### Cult of Education and «Saints» in Islam

**Abstract.** The formation of Muslim civilization is directly related to the emergence and development of the Arab Caliphate. The monotheistic religion of Islam, which originated in the 12th century, spread from the Middle Volga region in the north to Madagascar in the south, from the Atlantic coast of Africa in the west to the Pacific coast of Asia in the east. After the era of Alexander the Great, which united the Hellenic lands and the Mediterranean Sea with the Indo-Iranian world, the Arab Caliphate was the material, scientific and philosophical center of world civilization for more than five centuries. The Mongol invasion of 1258 led to the fall of Baghdad and the destruction of the Abbasid Caliphate, and subsequently the collapse of Islamic civilization. The common cultural space that existed at that time was divided into Arab, Iranian, Turkish and other areas. However, such ideals of Islam as peacefulness and solidarity, despite political, ethnic and cultural separatism, formed their spiritual unity.

The author notes that Islam spread to territories where religious systems that had formed before it previously existed. Therefore, for a long time, Islam was not the dominant religion in these regions and was forced to “integrate” into the spiritual nature of the peoples inhabiting these lands. For this reason, in some regions, along with purely religious cults, according to the canons of pre-Islamic beliefs, the graves and mazar of saints are considered shrines.

However, the place and role of such components was not the same in the religious consciousness of Muslims in different regions.

From a reformist-modernist point of view, the article defines and analyzes the values of Islam and institutions related to the basic aspects of the classical period of Muslim civilization. The problem of the cult of saints and the attitude towards holy places in post-classical Islam is also considered.

**Key words:** Islam, Intellectualism of the Koran, Cult of Education, Science, Civilization, Globalization, Saints, Mazar (Graves)

### Кіріспе

Ислам өркениетін зерттеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл базалық құндылықтары мен институттары діни канондармен тікелей байланысты жалғыз өркениет. Сондықтан мұндай зерттеу көбіне дінтанумен сәйкес келеді. Біздің зерттеуімізде жаһандану дәуіріндегі ислам әлеміне үлкен мән беріледі.

Исламтанымдық және мәдениеттанымдық әдебиеттерде мұсылман

өркениетін әлемдік, монотеистік, жерорта теңіздік, шығыстық, батыстық немесе аралық өркениет деп атайды. Батыстық деп атайтындар мұнда мұсылман өркениеті мен антикалық ғылыми-философиялық мұраның компоненттері кездесетіндігін айтады. Ал, мұсылман өркениетінің аралық типі тарихи тұрғыдан алғанда да (антикалық пен қайта өрлеу дәуірлерінің аралығы), географиялық жағынан (батыс пен шығыс) да атауына сай келеді және

мазмұны жағынан да мұсылманның өзіндік идентификациясына сәйкес.

Әлемдік өркениеттің құрамдас бөлігі ретіндегі мұсылман мәдениеті адамзат тарихында маңызды орын алады. Мұсылман мәдениетінің құндылықтарына талдау жасағанда, жеке тұлға немесе әлеуметтік топ ретіндегі мұсылман өркениеті өкілдерінің өмір салты мен іс-әрекеттерінің рухани жағына басты назар аударуымыз қажет.

Зерттеушілер ислам өркениетінің алтын ғасыры ретінде IX-XII ғасырларды айтады. Дәл осы кезеңде ислам мәдениеті әлемдік өркениеттің рухани және материалдық деңгейін анықтайтын дәрежеде еді. Оның құрылымдық элементі ретінде ғылымды ғана емес, таным сипатын, әлемнің гносеологиялық бейнесін анықтайтын, идеологиялық ағымдарды да айтамыз.

Оларда адамның өмір сүруінің түпкілікті негіздеріне ислами дүниетанымда көрініс тапқан оның өзіндік болмысымен, ғарышпен байланысына қатысты белгілі бір құндылықтар мен идеялар жиынтығынан тұратын парадигма бар.

Мұсылман діні бойынша Құран – жаратушы тарапынан Мұхаммедтің пайғамбарлығы бекітілген негізгі керемет. Бұл кітап мұсылманның діни өмірінде ғана емес, күнделікті тіршілігінде де маңызды орын алады. Өйткені мұсылман догматикасы, культі, құқығы мен әлеуметтік-этикалық доктринасы осы Құранға негізделген. Қасиетті кітаптың фундаменталды маңызы туралы көптеген еңбектер жазылған. Құранды оқу, оның аяттарын жатқа білу, мағынасын терең түсіну әрбір мұсылманның абыройын арттыратыны сөзсіз. Өйткені адамның дүниеге келіп, оған азан шақырып ат қойғаннан бастап, о дүниеге шығарып салуға дейінгі бүкіл өмірі осы киелі кітаппен тікелей байланысты болады.

Мұсылман мәдениеті әлемдік мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде адамзат өркениеті тарихында елеулі рөл атқарды және әлемнің әр түрлі елдері өмірінің түрлі салаларына елеулі ықпал етуді жалғастыруда. Мұсылман мәдениетінің құндылықтарын талдай отырып, мұсылман өркениеті

өкілдерінің яғни жеке адамдар мен әлеуметтік топтардың іс-әрекеттері мен өмір салтында ұстанатын рухани бағдарларды да атап өту маңызды. Ислам мәдениетінің негізгі құрылымдық элементтері ғылым ғана емес, әлемнің гносеологиялық бейнесін танудың, түсіндірудің сипатын және түсінуге болатын саланы айқындайтын құндылық-идеологиялық ағымдар болды. Бұл ағымдар адам жаратылысының негізін анықтайтын ислами дүниетаныммен мазмұндас. Исламдағы кез-келген проблеманы шешу біліммен тікелей байланысты. Осы орайда Мұхаммед пайғамбардың «Тіпті алыс Қытайдан да білім іздеңіз» деген белгілі сөзін еске салған жөн. Америкалық шығыстанушы Ф.Роузенталдың бағалауынша, араб-мұсылман мәдениетінде «білім», басқа өркениеттерге қарағанда, аса маңызды болған [1]. Сондықтан біз зерттеуімізде мұсылман өркениетінің рухани құндылығы ретіндегі Құрандағы интеллектуализмге, исламдағы білім культіне және ислам құндылықтары тұрғысынан қастерлі деп саналатын орындардың діни маңызына тоқталамыз.

### ***Материал және әдістер***

Тарих, саясат, экономика және мәдениет саласында әр текті халықтарды біріктіретін элемент ретінде дінді айтуымызға болады. Ислам – адамдардың өмір салты, олардың қарым-қатынасы, қоғамдағы, жалпы әлемдегі іс-әрекеті мен дүниеге көзқарасы. Ислам өркениеті адамзатты біріктіруге бағытталған. Бүгінгі күні ешбір дін Ислам сияқты талқылау мен талдау нысаны болған емес. Сондықтан классикалық және постклассикалық исламдағы құндылықтар жүйесін зерттеуді маңызды мәселе деп санадық.

Негізгі әдіс ретінде жалпы ғылыми зерттеулерге тән бақылау, сипаттау, жалпылау, топтастыру, сипаттама жасау, жүйелеп салғастыру, түйіндеу, талдау әдістері қолданылды.

## Әдебиетке шолу

Мұсылман әлемінің барлық негізгі философиялық және қоғамдық-саяси ағымдары саяси проблемаларға қатысты өздерін бір ғана ерекше таным мәнімен шектемей, философияға-философиялық, құқыққа-заңдық, адамгершілікке-этикалық тұрғыдан келетін саяси теорияларды да жан-жақты қарастырды. Осылайша, шарифат нормаларына сәйкес мұсылман мәдениеті білімнің тұтас, кешенді идеалына бағдарланды. Мысалы, ортағасырлық ойшыл Имам Абу Мухаммад аль-Газалидің «Діни ғылымдардың қайта өрлеуі» [2, 585 б.] атты еңбегін философиялық, құқықтық, діни, лингвистикалық және мәдениеттанымдық бағыттағы синергетикалық зерттеу деп санаймыз. Зерттеу жұмысы барысында осы еңбектегі негізгі тұжырымдар мақаламыздың негізгі идеясы болды.

Мұсылман қоғамының білімді бөлігінің құндылық бағдарының сипатын *адаб (әден) әдебиеті* бойынша да айтуға болады. Әңгіме мәдени және білімді адамның бейнесін беретін адибтер (әдептер) туралы болып отыр. *Адаб* – зайырлы және діни ғылымдарды, атап айтқанда философияны, астрономияны, математиканы және мінез-құлықтың белгілі бір үлгісін білуді талап ететін білімділік пен тәрбиелілік нормаларының жиынтығы [3]. Оның көрнекті өкілдері аль-Джахиз, Ибн Кутайба, Абу Хайян ат-Таухидидің еңбектері де классикалық исламның негізгі құндылықтарының мәнін ашуға септігін тигізді. Сонымен қатар мақалада түсінік берілетін әрбір ой, әр ұғымды Қасиетті Құран Кәрім сүрелерінен мысал келтіру арқылы нақтылып отырдық.

Ислам өркениетін үш кезеңге: 1) негізгі құндылықтар мен өркениет институттары; 2) өркениеттің тарихи динамикасы (жаңа және жаңа замандағы жаңғыру дәуірін қоса алғанда); 3) жаһандану дәуіріндегі өркениет (соңғы үш онжылдық) бөліп қарастыру және оның өзіндік ерекшеліктерін айқындау зерттеу жұмысымызға тың серпін берді [4].

## Нәтижелері және талқылама

Қасиетті Құранның негізі мен оның басқа діни кітаптардан айырмашылығын және классикалық ислам мәдениетін көрсететін басты белгісі – оның рационалдық бағыты. Исламдағы рационализм оны ұстанушылардың ақылмен/ғылыммен өмір сүргісі келетіндігінде. Мұхаммедтің пайғамбарлығы басталар тұста Жәбірейіл періштенің де оған айтқан бірінші сөзі «Оқы!» болғандығы тектен тек емес. Сонымен қатар Құранның 68-сүресі – «Нун. Қалам әрі оның жазған нәрселеріне серт» деп басталады [5, 516 б.]. Білім мен ақылдың басымдығы Құранның «Зүмәр» сүресінің 9-аятында былай деп айтылады: «Оларға: «Білгендер мен білмегендер тең бола ма?»,- де. Шын мәнінде ақыл иелері ғана үгіт ала алады» [5, 404 б.]. Сонымен қатар білім, ғылым іздеушілердің дәрежесінің жоғарылығы жайлы мынадай аяттарда да айтылған «Алладан шын мәнінде оның құлдарынан ғалымдар қорқады. Алла аса үстем әрі кешіруші» [5, 334 б.], «Алла иман келтіргендердің, ғылым бергендердің дәрежелерін көтереді» [5, 490 б.], - деген. Алла адамға қажет білім екі түрлі болатынын танытқан. Оның бірі-кәдімгі дүниелік білім де, екіншісі-діни білім. Әрбір адам білімге ұмтылуы тиіс. Мұхаммед пайғамбар ақыл мен білімді Алла жаратқан бірінші және ең биік керемет деп, ғалымдарды пайғамбарлардың мұрагерлері деп санады. Ғылым-білім іздеу – әрбір мұсылманның парызы деп санап, оқудың үздіксіз процесс екендігіне тоқталды. Сонымен қатар ол «Ғалымның қаламының сиясы дін жолында шаһид болған адамның қанымен қатар қастерлі» және «бір сағат білім іздеп ойланған жетпіс жыл құдайға құлшылық еткеннен артық» деген ойда болды. Әлемдегі өзіне дейінгі діндердің барлық артықшылықтарын бойына сіңіріп, өмір сүру салтына негізделген ислам дінінің атауы ешқандай адаммен байланысты дін емес. Христиан діні - Христоспен, буддизм - Буддамен байланысты келеді, ал пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) Алланың қасиетті сөзін адамдарға жеткізуші. Құрандағы

сөздер, онда келтірілген мәліметтер таңқаларлық ғажайып ақылмен, ғылыми нақты дәлелдерімен берілген. Мысалы, Құранда адамның пайда болуына қатысты деректерде баланың үш қабатты қапаста өсіп-жетілетіндігі айтылған. Бүгінгідей ғылым мен техника заманында рентген, микроскоп зерттеулері ана жатырының үш қабаттан тұратындығын айқындаған. Ғалымдардың айтуынша, Құран кітабы - білімнің қайнар көзі, ғылымның - бұлағы. Құран адамдар бойындағы рух мәдениетін көтеріп, дүниені танып, қыр-сырын ұғынуды, білім мен білікті шыңдайтын дерек көздері болып табылатындығын айтады. Наполеон Бонапарттың: «Жарық дүниенің қиыр-қиырындағы барлық ақылды да білімді адамдардың басын жалғыз ақиқат көзі болып табылатын, адамдарды бақытқа бастай алатын Құран қағидаттары бойынша қоса алатын уақытым таяу қалды деп үміт етемін» [6, 490 б.], - деген сөзі Құранда жалпы адамзатқа ортақ ілім бар екендігін аңғартады.

Мұсылмандардың киелі жазбасы өзгелердің пікіріне көзсіз еруді (еліктеу) дұрыс емес деп санаған. Кез-келген іс-әрекет пен құбылысқа баға берерде, оны талқылауда тек білімге, ғылыми негізге сүйену – классикалық исламның негізгі принципі. Құрандағы интеллектуализм адам ақылы арқылы негізделген жағдайларды ғана қолдауы арқылы байқалады. Сондықтан исламға сенбей, тылсым күштің, бір кереметтің бар екенін мұғжизаларды көрсете отырып дәлелде деген қарсыластарына Мұхаммед пайғамбар Құран кәрімді оқуды ұсынған. Өйткені Құран діни ой-сананы танымның рационалдығына негізделген жаңа сапалық деңгейге көтерді.

Табиғат құбылыстары мен нысандарының жаратылысындағы кереметтерді тану үшін білім алуға деген адамның қызығушылығын арттыратын аяттарды да Құраннан табамыз. «Аят» деген сөздің өзі де «ғажайып» деген мағына береді. Осылайша, жаратушының мәні классикалық ислам ойшылдары сипаттаған «Жазу кітабы» және «Іс-әрекет кітабы» арқылы танылды. Бірінші кітапта сакральды мән пайғамбарлар

арқылы, екіншісінде жаратылыстық мән адамның ақылы арқылы ашылды. Реформатор-модернистер осындай рационалды өзгерістер арқылы Мұхаммед пайғамбардың соңғы пайғамбар ретіндегі сипаттамасын түсіндіреді.

Ислам адамзат Алланы, ақиқатты бұрынғыдай қарапайым сакральды-ревелиативті түрде танитындай емес, интеллектуалды тұрғыда пісіп-жетілген тұста пайда болды. Осыдан кейін классикалық ислам мәдениетінде – ғылым-білім маңызды болды. Сол дәуірдің адамдары білімді өсіріп, даналықты жақтап қана қоймай, «білім» сөзінің өзін ерекше сиқырлы ұғым деп санаған. Денеге ас-су қалай қажет болса, адам жанына білім сондай керек. Білімді кейде өмірдің өзіне теңестіріп, егер жүрек оны үш күн бойы алмаса, ол міндетті түрде өледі деп санаған. Білім мен кітап – данышпанның мәңгілік мұрасы болғандықтан, оның арқасында адам мәңгілік мәнге ие болады деп есептеген. Сонымен қатар білім-адамның әлеуметтік статусын көтереді.

Құранда тек діни-теологиялық білім ғана емес, адамзатқа жасампаздық әкелетін кез келген білімнің түрі кеңінен насихатталған. Оған қадірлі Мұхаммед пайғамбарымыздың «Даналық – иманды адамның асыл арманы, оны қай жерден тапса, сол жерден игереді» немесе «Ақыл-білімді пайдалы болса пұтқа табынушыдан да алыңыз» деген сөздері дәлел. Дәл осы Мұсылман өркениетінде адамзат тарихында тұңғыш рет ғылым басқа мәдени ареалдардың жетістіктерін жинақтап, түрлі этностар мен конфессиялардың ғалымдарын өз туы астында біріктіріп, интернационалды болды. Алдыңғылардың жетістіктеріне сүйене отырып, мұсылман әлемінің ғалымдары нақты және жаратылыстану ғылымдарының дамуына елеулі үлес қосты. Ежелгі грек ғылымының жақсы жақтарын ескере отырып, олар ғылым мен практиканы, теориялық білімді және техникалық іс-қимылды біріктіруге ұмтылды. Тәжірибелік міндеттерді шешуге деген қызығушылықтың арқасында Ибн-әл-Хайсам және әл-Бируни сияқты ғалымдар Батыс Еуропадан көп бұрын

эксперименттік ғылымды құрды. Мұсылман империясының бүкіл халқы үшін ғылым мен мәдениеттің тіліне айналған араб тіліне антикалық, иран және үнді даналығының көптеген туындылары аударылды.

Постклассикалық кезеңде жоғарыда айтылған басым беделге ие болып, жаратылыстың ақиқатын белгілі бір мұғжизалар (кереметтер) арқылы таныту танымал бола бастады. Осындай мұғжизалардың бірі – дін таратуда немесе дін канондарын түсіндіруде ерекше танылған, қастерлі сипатқа ие болған аулие-әмбиелер.

Мұхаммед пайғамбардың монотеизм діні ретіндегі ислам дінінің – жаулары пұтқа табынушыларға («көпқұдайшыларға») деген жағымсыз көзқарасының болғаны туралы пікірге ешкім дау айтпайды. Бұл туралы Құранда көп айтылады. Әлемдік діндер арасында тек Ислам ғана әуелден-ақ пұтқа табынуға («джахилийя»), сол сияқты әулиелерге, «қасиетті орындарға» барып, табынуға үзілді-кесілді қарсы болды. Атақты хадис жинаушысы әл-Бұхари өзінің «Ас-Сахих» атты жинағында: «Өз пайғамбарларының қабірлерін табыну орындарына айналдырған иудейлер мен христиандарға Алланың қарғысы болсын» деген хадисін келтіреді. [7, 31 б.]. Осылайша ол мұсылман қауымына бұлай жасамауды ескертті. Алайда оның тыйым салулары пұтқа табыну ғибадаттарынан бастап монотеистік түсініктерге дейінгі діни сана эволюциясының объективті үрдісін бұза алмады. Бұл туралы исламтанушы В.Н.Басилов киелі деп санаған адамдар мен орындарды құрметтеу ислам дініне дейінгі политеизмнің діни тәжірибесінен қалғандығын айтады. Ислам дінге сенушілер мен Құдіретті Алланың арасындағы кеңістікті әулиелерге табыну арқылы толтырып, оны заңдастырып берді. Осылайша ислам ежелгі тәжірибеге өзінің идеологиясы тұрғысынан жаңа түсінік берді [8, 131 б.]. Сөйтіп, барлық тыйымдарға қарамастан, мұсылмандар өздерінің дәстүрлі киелі нысандарына жаппай баруды жалғастырды. Канондық тұрғыдан «заңсыз» саналатын «киелі жерлер»

әлемдік исламда бар және олардың нақты ғылыми анықтамасы да айтылды. Осыған байланысты исламтану саласында «зиярат» термині пайда болды. Зиярат – жергілікті діни сенімдердің әсерінен исламда салыстырмалы түрде кейінірек пайда болған құбылыс. Исламға дейінгі культтерге қатысты табыну орындарының сабақтастығы мен салт-дәстүрлердің сипаты, сондай-ақ ислам елдерінде таралған зияра салттарының саналуандығы осы құбылыс арқылы негізделген. Зияра тәжірибесі бастапқы исламға қайшы келеді және ұзақ уақыт бойы беделді дінбасыларының қарсылығын тудырды. Осыған қарамастан бұл құбылыс әлі күнге дейін өзекті саналады» [8, 83 б.].

Атақты исламтанушы А. Мюллер көптеген ғасырлар бойы зиярат етушілер әулиелердің бейітін киелі санап, сонда баратын деп жазады [9, 286 б.]. К.С. Васильцев көптеген зерттеушілер киелілер культін «халықтық ислам» діни аясында қарастыратынын айтады [10, 55 б.]. Біз бұл пікірлермен келісеміз, дегенмен, киелі орындар ретінде тек әулиелердің мазары, бейіті не олардың құрметіне салынған ескерткіштер мен кесенелер, белгілер ғана емес, бұлақ, құдық сияқты табиғат нысандары да саналғанын айтып кетуіміз керек. Соңдықтан біз бұл зерттеуімізде мұсылмандардың киелі орындарын пұтқа табынудан, тәңіршілдіктен бері қарай келе жатқан және исламда қасиетті саналатын қастерлі орындар деп екіге бөліп қарастырамыз.

Біздің ойымызша, киелілер культінің мұсылмандар арасына сіңіп кетуіне олардың ата-бабалары ұстанған бұрынғы діннің әсері. Зерттеуші А.Суворова «Исламда ешқашанда киелілік ресми заңдастырылмаған», - дейді [11, 45 б.]. Оның пікірінше, әулиелер жерленген мазарлар өз мешіті бар ритуал жасайтын орындарға айналған. Біріншіден, «мазар» сөзі арабшадан аударғанда «сыйынатын орын» деген мағына береді. Киелі орынға бару мен оған сыйыну екі түрлі нәрсе. Мағынасы басқаша, айырмашылығы үлкен ұғымдар. Екіншіден, мамандардың айтуынша, киелі жерлерде кесене де,



зиярат етушілерге арналған орын да болмайды. Суворованың «Ислам каноны бойынша бейіт дұға жасайтын жер емес» деген пікірі зерттеушілер арасында дау туғызды. Сирия шейхы ан-Науауи өзінің «Рийяд ас-Салихан» атты хадистер жинағында пайғамбарымыздың «мен бұрын бейіттерге баруға тыйым салғанмын, ал енді ол жаққа барыңдар» деген хадисін келтіреді. Біздің ойымызша, кезіндегі мұндай тыйым ислам діні пайда болған бастапқы кезеңде болса керек. Пайғамбарымыз бейіт басына барсаңыздар өмірдің өткіншілігін еске алып, өздеріңіздің де сондай болатындарыңызды ойлап, күнәдан ада болу үшін дұға жасаңыздар дейді. Бұл Суворованың жоғарыда айтқан пікірін жоққа шығарады. Сонымен бірге Мұхаммед пайғамбардың бейітке жатқандарға қарата айтылған «Сіздер өттіңіздер, біз де өтеміз» деген хадисі де бар.

Мұсылмандардың қажылық парызын өтеуі барысында діни ритуал болмаса да Мединадағы пайғамбарымыздың бейітіне баратынын білеміз. Олар онда пайғамбар рухына дұға жасайтыны белгілі. Өйткені Медина мешітіндегі пайғамбар бейіті мұсылмандар үшін киелі, қастерлі саналады.

Ерте дәуірлерден бері «киелі» деген ұғым қолданылып келеді. Кез келген елдің өткені мен бүгінінің сабақтастығы, тарихы мен географиялық орналасқан орны, киелі атануы (этимологиясы) мен исламдық құндылықтары қазіргі таңда зерттеушілер назарын аударатыны сөзсіз. «Сакралды құндылықтарды талдаудың дінтанулық қырлары» деп аталатын мақала авторлары «қасиет», «кие» ұғымдарының діни астары болғандықтан, сакралды құндылықтарға дінтанулық талдау қажеттілігі туындайтынын айтады. Киелі, қасиетті ұғымдар ең алдымен діни дүниетанымының негізін құрайтындығы анық. Адамзат сеніммен өмір сүреді. Адамның өмір сүру салтын, тұрмысын, өмірге деген көзқарасы мен іс-әрекеттерін көңіліндегі сенімі белгілейді. Сенім-адамның дүниетанымының өмірмен байланыстылығына негізделеді. Дүниетаным құрылымы жағынан

күрделі жүйе. Оның негізгі өзегі, тірегі-білімде. Білімнің көмегімен талай ғажайыптардың сырын меңгеруге болады. Б.Сатершинов тарихи тұрғыдан дүниетанымды: мифологиялық, діни және философиялық деп жіктеп қарастырған [12, 117 б.]. Ал осындай дүниетаным адамның білімі мен наным-сенімінің бірлігінен туындайды. Э.Дюркгейм «Діни өмірдің элементарлық формалары. Австариядағы тотемдік жүйелер» еңбегінде барлық діндерге тән нәрсе - әлемді дүниеәуи (пенделік) және киелі деп бөліп қарастыру екендігін алғашқылардың бірі болып талдап көрсеткен [13, 119 б.]. Рухани құндылық тұрғысында киелі ұғымының мазмұны ата-бабаларымыз бен кейінгі ұрпақтар арасындағы табиғи сабақтастықтың сақталуындағы ұлттық сипатты, ұлттық сана, дүниетанымды танытады. Әулие-әмбиеге, олар жерленген мазарлар мен кесенелерге, бейіттерге зиярат жасау әлеуметтік құндылықтар ретінде қалыпқа айналған. Құран мен хадисте «уәли» «әулие» деген есімдер Алланың сүйікті пенделері, құлдары, достары деген ұғымды аңғартады. Пағамбарымыз Мұхамед (ғ.с.у) былай деген екен: «Аллахтың құлдарынан кейбір адамдар бар, олар шейіт те емес, пайғамбар да емес, бірақ қиямет күні олардың дәрежелеріне пайғамбарлар мен шейіттер қызығып қарайды» [14, 335 б.], - деп әулиелердің сипатын түсіндірген. Әулиелерге тән қасиеттер халықтың рухани өмірін толықтыра түсетін ерекшеліктер, оларды қадірлеп, Аллаға шынайы сену исламдағы жақсы қасиеттердің бірі. Орта Азия мен Кавказдағы исламға дейінгі киелі саналған орындар кейіннен ислам дәстүріне бейімделді. Өйткені ислам бұл аймақтарда таралған уақытта бұрыннан келе жатқан конфессиялармен қатар дамып, қатар қолданылып, уақыт өте келе бас дінге айналды. Сондықтан ислам халықтардың рухани тұрмысына біртіндеп енді. Ол ескі діннің элементтерін сақтай отырып, оларға жаңа ислами мазмұн беріп, синкретизм арқылы орнықты. Киелі деп санаған әулиелерге сыйыну, олардың

бейіттеріне барып, әруақтарға бағыштап дұға жасау, шырақ жағу сияқты ғұрыптар осыған дәлел.

Мұнан біз ислам каноны бойынша бейіт басына барып, дұға жасап, сыйынуға болатынын, бірақ оны киелі санап, культке айналдыруға болмайтынын көреміз.

### **Қорытынды және тұжырымдама**

Ислам өркениетінің пайда болуына және оның базалық құндылықтары мен институттарына себепші болған объективті және субъективті факторларға қысқаша шолу жасай отырып, оның бастауында Мұхаммед пайғамбардың болғанын тағы да атап өту маңызды. Ислам дінінің негізін қалаушының діни-саяси мұрасының көптеген элементтері мұсылман әлемінің қазіргі заманғы өмірінде де өзінің жалпы мәдени маңызын жоғалтпайды. Бұл бірінші кезекте пайғамбарымыздың өз үмметін рухани тұрғыдан басқаруына негізделген құнды және этикалық-нормативтік, гуманистік бастауларына негіз болған – білім, ғылым еді. Адамзаттың жасампаздығына қызмет ететін білім мен ғылым оны ізгілікке бастайтыны сөзсіз. Осылайша мұсылман мәдениетіндегі білім культі арқылы қалыптасқан гуманизмнің үш негізгі аспектісі айқындалды:

1. Адамды жаратылғандардың ішіндегі ең жоғарысы деп санайтын діни гуманизм;

2. IX ғасырда қалыптасқан кейіннен XVI ғасырдағы Еуропаға тән Humanitas идеалымен мазмұндас жалпыға бірдей игілік үшін адамның физикалық, адамгершілік және ақыл-ой қабілеттерін дамыту идеалына сәйкес келетін адабтық гуманизм;

3. Анағұрлым тұжырымдалған философиялық гуманизм. Оның мәнін Әбу-Хайян ат-Таухиди «Адам адам үшін проблемаға айналды» деп сипаттайды.

Құранның негізгі идеясы – адамның жоғары мақсатын мойындауға және бүкіл адамзатты біріктіруге; билік пен қоғамдық қарым-қатынаста әділеттілік орнатуға; адамдардың танымдық әрекетіндегі қызығушылығын дамытуға бағытталғанын баса айту керек.

Сонымен қатар Ислам пайда болғанға дейінгі кезеңде қазіргі мұсылман халықтарының өздері өмір сүрген территориясына қарай аймақтық діни моделінің болғандығын да жоққа шығара алмаймыз.

### **Қаржыландыру**

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен №АР14870690 «Сыр өңірінің киелі орындары мен ислам құндылықтарының әдеби-танымдық ерекшеліктері» атты жоба аясында жүргізілді.

### **Әдебиеттер тізімі**

1 Роузентал Ф. Торжество знания. Концепция знания в средневековом исламе. – Москва: «Наука», 1978. – 372 с.

2 Абу Хамид Мухаммад аль-Газали ат-Туси. «Ихйа' 'улум ад-дин» Возрождение религиозных наук. – Москва: Издательский дом «Нуруль Иршад». 2007. – 585 с.

3 Аль-Джахиз. «Книга о скучных». – Москва: Наука, 1985. – 485 с.

4 Исламская цивилизация в глобализирующемся мире // По материалам конференции. – Москва: ИМЭМО РАН, 2011. – 336 с.

5 Құран Кәрім. – Алматы, Жазушы, 1991. – 589 б.

6 Дінтұтқа. 2003-2013 жылдар аралығында Егемен қазақстан газетінде жарияланған мақалалар мен сараптамалар, сұхбаттар. – Астана, 2013. – 832 б.

7 Сунна пророка Мухаммеда // Наука и религия. – 1994. – № 3.

8 Ислам. Словарь атеиста. – Москва, 1988.

9 Мюллер А. История ислама. От доисламской истории арабов до падения династии Аббасидов. Т. 1-2. – Москва, 2006.

10 Васильцов К.С. «Избранные Богом»: понятия «святой» (вали) и «святость» (валайя) в учении ал-Хакима ат-Тирмизи и доктринах шиитов-имамитов // *Исламоведение*. – 2018. – №4. – С. 53-64.

11 Суворова А. Индийская гробница // *Наука и религия*. – 2000. – № 8.

12 Сатершинов Б., Мырзахмет Ж. Сакралды құндылықтарды талдаудың дінтанулық қырлары // Адам әлемі. – 2018. – №2 (76).

13 Дюркгейм Э. Элементарные формы религиозной жизни. Тотемическая система в Австралий. Мистика. Религия. Наука. Классика мирового религиоведения. Антология. – Москва, Канон, 1998. – 432 с.

14 Сыр еліндегі діни-ағартушылық ой-сана.



– Алматы, «Орхон» баспасы, 2010. – 440 б.

### **Transliteration**

1 Rouzental F. Torzhestvo znaniya. Konceptiya znaniya v srednevekovom islame [The Triumph of Knowledge. Concept of Knowledge in Medieval Islam]. – Moskva: «Nauka», 1978. – 372 s. [in Russ]

2 Abu Hamid Muhammad al'-Gazali at-Tusi. «Ihja' 'ulum ad-din» Vozrozhdenie religioznyh nauk [«Ihja' 'Ulum Ad-Din» Revival of Religious Sciences]. – Moskva: Izdatel'skij dom «Nurul' Irshad». 2007. – 585 s. [in Russ]

3 Al'-Dzhahiz. «Kniga o skupyh» [A Book About Stingy People]. – Moskva: Nauka, 1985. – 485 s. [in Russ]

4 Islamskaya civilizaciya v globaliziruyushchemsya mire [Islamic Civilization in a Globalizing World] // Po materialam konferencii. – Moskva: IMEMO RAN, 2011. – 336 s. [in Russ]

5 Kuran Karim [Holy Quran]. – Almaty: ZHazushy, 1991. – 589 b. [in Kaz]

6 Dintutka [Dintumtka]. 2003-2013 zhyldar aralygynda Egemen Kazakstan gazetinde zharialangan makalalar men saraptamalar, suhbat-tar. – Astana, 2013. – 832 b. [in Kaz]

7 Sunna proroka Muhammeda [Sunnah of the Prophet Muhammad] // *Nauka i religiya*. – 1994. – № 3. [in Russ]

8 Islam. Slovar' ateista [Atheist's Dictionary]. – Moskva, 1988. [in Russ]

9 Myuller A. Istoriya islama. Ot doislamskoj istorii arabov do padeniya dinastii Abbasidov [History of Islam. From the Pre-Islamic History of the Arabs to the Fall of the Abbasid Dynasty]. T. 1-2. – Moskva, 2006. [in Russ]

10 Vasil'cov K.S. «Izbrannye Bogom»: ponyatiya «svyatoj» (vali) i «svyatost'» (valaja) v uchenii al-Hakima at-Tirmizi i doktrinah shiitov-imamitov [“Chosen by God”: the Concepts of “Holy” (Wali) and “Holiness” (Walaya) in the Teachings of al-Hakim al-Tirmidhi and the Doctrines of the Shia Imamis] // *Islamovedenie*. – 2018. – №4. – S. 53-64. [in Russ]

11 Suvorova A. Indijskaya grobnica [Indian Tomb] // *Nauka i religiya*. – 2000. – № 8. [in Russ]

12 Satershinov B., Myrzahmet ZH. Sakraldy kundylyktardy taldaudyn dintanulyk kyrlary [Religious Aspects of the Analysis of Sacred Values] // *Adam alemi*. – 2018. – №2 (76). [in Kaz]

13 Dyrkgejm Э. Elementarnye forma religioznoj zhizni. Totemicheskaya sistema v Avstralij. Mistika. Relegiya. Nauka. Klassika mirovogo religiovedeniya. Antologiya [Elementary form of Religious Life. Totemic System in Australia. Mystic. Relegia. The Science. Classics of World Religious Studies. Anthology]. – Moskva, Kanon, 1998. – 432 s. [in Russ]

14 Syr elindegi dini-agartushylyk oj-sana [Religious and Educational Thought in the Country of Syr]. – Almaty, «Orhon» baspasy, 2010. – 440 b. [in Kaz]

### **АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ**

*Гүлнұр Аппазқызы Камишева*

қауымдастырылған профессор, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, ORCID ID: <http://orcid.org/0000-0002-0764-9238>

*Гүлзира Сапарқызы Оралова*

қауымдастырылған профессор, филология ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, ORCID ID: <http://orcid.org/0000-0002-7616-5499>

*Айдынгүл Тойбазарқызы Төлебаева*

аға оқытушы, филология ғылымдарының магистрі, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, ORCID ID: <http://orcid.org/0000-0003-1299-1641>

*Наджие Йылдыз*

профессор, филология ғылымдарының докторы, Қажы Байрам Вели университеті, ORCID ID: <http://orcid.org/0000-0002-8351-4538>

*Гулнур Аппазовна Камишева*

ассоциированный профессор, кандидат педагогических наук, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, ORCID ID: <http://orcid.org/0000-0002-0764-9238>

*Гулзира Сапаровна Оралова*

ассоциированный профессор, кандидат филологических наук, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, ORCID ID: <http://orcid.org/0000-0002-7616-5499>

<i>Айдынгул Тойбазаровна Тулебаева</i>	старший преподаватель, магистр филологических наук, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, ORCID ID: <a href="http://orcid.org/0000-0003-1299-1641">http://orcid.org/0000-0003-1299-1641</a>
<i>Наджие Йылдыз</i>	профессор, доктор филологических наук, университет Хаджи Байрама Вели, ORCID ID: <a href="http://orcid.org/0000-0002-8351-4538">http://orcid.org/0000-0002-8351-4538</a>
<i>Gulnur Kamisheva</i>	Associate Professor, Candidate of Pedagogical Sciences, Korkyt Ata Kyzylorda University, ORCID ID: <a href="http://orcid.org/0000-0002-0764-9238">http://orcid.org/0000-0002-0764-9238</a>
<i>Gulzira Oralova</i>	Associate Professor, Candidate of Philological Sciences, Korkyt Ata Kyzylorda University, ORCID ID: <a href="http://orcid.org/0000-0002-7616-5499">http://orcid.org/0000-0002-7616-5499</a>
<i>Aidyngul Tulebayeva</i>	Senior Lecturer, Master of Philological Sciences, Korkyt Ata Kyzylorda University, ORCID ID: <a href="http://orcid.org/0000-0003-1299-1641">http://orcid.org/0000-0003-1299-1641</a>
<i>Naciye Yildiz</i>	Professor, PhD, Hadji Bayram Veli University, ORCID ID: <a href="http://orcid.org/0000-0002-8351-4538">http://orcid.org/0000-0002-8351-4538</a>

